

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

**«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ
2024 ЖЫЛ**

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

Түркістан облысы бойынша
тексеру комиссиясының
26.06.2024 жылы №9-Қ
қаулысымен бекітілді

**«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау аудиторлық іс-шарасы.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

«Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, *оның ішінде үстеме тексеру: Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Сауран аудандық емханасы» ШЖҚ МКК, Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК, «Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі, *оның ішінде үстеме тексеру: «Түркістан облысының білім басқармасының «Түркістан қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Түлкібас ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Сауран ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Кентау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Сайрам ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Түркістан облысының білім басқармасының «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 01.01.2021-31.12.2023ж.ж.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша

«Түркістан қаласы, Алматы аллеясы, 3 ғимаратта орналасқан «Халық қолөнершілер ғимаратын пайдалану» мемлекеттік жекешелік әріптестік шарты (бұдан әрі – МЖӘ шарты).

Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін «Түркістан облысының туризм басқармасы» ММ атынан Ереже негізінде әрекет ететін басшы Гульмира Асатиллаевна Ахбердиева, бұдан әрі бір тараптан №1 Мемлекеттік әріптес деп аталады, Түркістан қаласы әкімдігінің «Ифрақұрылым және коммуникациялар бөлімі» ММ-сі атынан басшысы Бухарбаев Ерсеит Ермекович бұдан әрі №2 Мемлекеттік әріптес деп аталады, «Асель&СО» ЖШС, Жарғының негізінде әрекет ететін, бұдан әрі Жекеше әріптес деп аталатын, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын тұлғада Шаликашвили Марианна Теймуразовна атынан Жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша жекеше әріптесті анықтау жөніндегі конкурстық комиссияның 2021 жылғы «05» қарашадағы шешіміне сәйкес, «Түркістан қаласы, Алматы аллеясы, 3 ғимаратта орналасқан «Халық қолөнершілер ғимаратын пайдалану» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты (нақты мекен жайы: Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын ауданы, 32 көшесі, 20 ғимарат) (бұдан әрі - «Шарт») жасалған.

МЖӘ жобасын іске асыру мерзімі – 10 жыл, 2022 жылдан 2031 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Шарттың нысанасы Тараптардың «Түркістан қаласы, Алматы тұйық көшесі, 3 корпус мекен-жайында орналасқан қолөнершілер ғимаратын ағымдағы жөндеу» МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі қарым-қатынастарын реттеу болып табылады.

Сонымен қатар МЖӘ жобасының мақсаты:

- Түркістан қаласының туристері үшін қолайлы жағдай жасау;
- Туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;
- Қолайлы туристік ахуал қалыптастыру;
- Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда жылжытудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

-Туристік саланы басқару және дамыту мониторингі жүйесін жетілдіру болып табылады.

«Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша

«Жол трафигі бойынша деректерді талдау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер» саласындағы жобаны іске асыру бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі Жекеше әріптес – «Көркем Телеком» ЖШС-мен тікелей келіссөздерді жүргізу және МЖӘ келісім шарттың жобаларына ұсыныстар енгізу туралы комиссияның хаттамалары негізінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда №1 «Түркістан облысы бойынша Жол трафигі бойынша деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және талдау қызметтерін көрсету» жобасы бойынша «Көркет Телеком»ЖШС-мен МЖӘ келісім шарты түзілген.

Түркістан қаласындағы МЖӘ Объектісінің құрамы:

1. 26 көше қиылысындағы «Сергек» фотобейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешені.
2. 54 желілік учаскеде «Сергек» фотобейнетіркеу және бейнеталдау аппараттық-бағдарламалық кешені.
3. 1000 жалпы бейнебақылау камерасы, оның ішінде 200 - айналмалы, 800 – тіркеуші.
4. Түркістан қаласының жергілікті полиция қызметкерлеріне арналған 20 мобильді жұмыс орны (портативті принтерлері бар планшеттер).
5. 10 метеодатчик (метеостанция).
6. Операторларға арналған қосымша жұмыс орны үшін 24 жабдық (24 компьютер, 48 монитор, қосуға арналған шығын материалдар).
7. Жобаның ҚЭМ сәйкес серверлік және коммуникациялық жабдық.

«Сергек» АБК қызметі:

1. МТНБ бойынша көлік құралдарын тану және іздеу.
2. Барлық тіркелген автокөлік құралдары туралы деректерді ЖП ДӨО-ға беру.
3. ЖҚЕ бұзушылықтарын автоматты режимде тіркеу:
 - 1) Жылдамдық режимін бұзуды фото, бейнетіркеу;
 - 2) «Тоқтау сызығын» жүріп өту;
 - 3) «Қос тұтас сызығын» жүріп өту;
 - 4) қоғамдық көлік жолағы бойынша қозғалыс (bus lane).
 - 5) бағдаршамның тыйым салу сигналына өту (ағымдағы бағдаршам және оны ауыстыру жай-күйін алу үшін бағдаршамдарды басқару және бақылау жүйесіне (бақылағышқа) АБК қосу үшін рұқсатнама берілген жағдайда)

Ақпараттық алмасу шифрлауды пайдалана отырып, қорғалған желілер арқылы байланыс арналары бойынша жүзеге асырылады.

Жобаның техникалық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының ақпараттық технологиялар саласындағы заңнамасына сәйкес іске асырылуы тиіс.

«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидасын басшылыққа ала отырып, Түркістан облысының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша жекеше әріптесті таңдау төмендегідей айқындалған:

1. «Түркістан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Көлқұдық елді мекеніндегі «Көлқұдық» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС;
2. «Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Ораңғай ауыл округі, Қосқорған елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Барыс Строй -2030" ЖШС;

3. «Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Шаға ауыл округі, Бершінтөбе елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС;

4. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Ақжол елді мекеніндегі «Ақжол» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Даулет Компани Трейд" ЖШС;

5. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Мадениет елді мекеніндегі «Жұлдыз» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» "Даулет Компани Трейд" ЖШС;

6. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар ауыл округі Бірлік ауылы «Бірлік» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Даулет Компани Трейд" ЖШС;

7. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Батыр-ата елді мекеніндегі «Батыр-ата» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Кен Құрылыс Проект" ЖШС;

8. «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы Бозжорға көшесі №1Б үйінде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС;

9. «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгір тас жолы көшесі №26А уч. Екпінді ауылы мекен-жайында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС;

10. «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Шұбарсу а/о орталығындағы АПП және ФАП-ты жаңғырту және пайдалану» МЖӘ жобасына Жекеше әріптес "Шубарсу Медикал" ЖШС.

«Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша

1. 2023 жылғы 19 шілдедегі «Түркістан облысы, Қазғұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округіндегі Үшбастау ауылында мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғырту және пайдалану» №118 шарт жобасы бойынша жекешелік әріптестікті анықтау үшін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының (бұдан әрі-Заң) 40-бабының талаптарына сәйкес өтінім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкестік процесі жүргізілген.

Заңға сәйкес жобаға бір ғана өтінім түскен, өтінім конкурстық комиссияның қарауына ұсынылған.

Комиссия шешімі:

«AI-ZI Life» ЖШС біліктілік іріктеуден өткен, біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жекеше әріптес болып танылған (конкурстық комиссияның 24.10.2022 жылғы хаттамасы).

«AI-ZI Life» ЖШС тікелей келіссөздер қатысушысы болып танылған.

Конкурс нәтижесінде немесе бір ғана әлеуетті өтінім берушімен конкурстық комиссия арасында МЖӘ жобасы келісім шарттының талаптары бойынша келіссөздер жүргізілген.

Конкурстық Комиссияның хаттамасының шешіміне сәйкес, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының келісім шарт жобасы қабылданып, бекітілген.

Сонымен қатар ең үздік әлеуетті өтінім беруші ретінде «AI-ZI Life» ЖШС анықталған (*конкурстық комиссияының 20.02.2023 жылғы хаттамасы*).

Конкурстық комиссияның 2023 жылғы 20 наурыздағы хаттамасына сәйкес «AI-ZI Life» ЖШС МЖӘ жобасын жүзеге асырушы ретінде жеңімпаз болып анықталған.

2. 2023 жылғы 05 қыркүйектегі «Түркістан облысының Білім басқармасы» ММ үшін BilimLand.kz, iTest.kz, iMekter.kz, OnlineMekter, Mekter.Smartnation.kz, Jumys.Smartnation.kz және Basqarma.Smartnation.kz білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және қызмет көрсету» №120 шарт жобасы бойынша жекешелік әріптестікті анықтау үшін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының (*бұдан әрі-Заң*) 40-бабының талаптарына сәйкес өтінім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкестік процесі жүргізілген.

Заңға сәйкес жобаға бір ғана өтінім түскен, өтінім конкурстық комиссияның қарауына ұсынылған.

Комиссия шешімі:

«BilimLand» ЖШС біліктілік іріктеуден өткен, біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жекеше әріптес болып танылған.

«BilimLand» ЖШС тікелей келіссөздер қатысушысы болып танылған.

Конкурс нәтижесінде немесе бір ғана әлеуетті өтінім берушімен конкурстық комиссия арасында МЖӘ жобасы келісім шарттының талаптары бойынша келіссөздер жүргізілген.

Конкурстық Комиссияның хаттамасының шешіміне сәйкес, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының келісім шарт жобасы қабылданып, бекітілген.

Сонымен қатар ең үздік әлеуетті өтінім беруші ретінде «BilimLand» ЖШС анықталған (*конкурстық комиссияының 21.07.2023 жылғы хаттамасы*).

Конкурстық комиссияның 2023 жылғы 09 тамыздағы хаттамасына сәйкес «BilimLand» ЖШС МЖӘ жобасын жүзеге асырушы ретінде жеңімпаз болып анықталған.

3. 2023 жылғы 25 шілдедегі «Түркістан облысының мемлекеттік білім беру мекемелерінде дабыл сигнализациясы жүйесін орнату және қызмет көрсету» №119 шарт жобасы бойынша жекешелік әріптестікті анықтау үшін Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының (*бұдан әрі-Заң*) 40-бабының талаптарына сәйкес өтінім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкестік процесі жүргізілген.

Заңға сәйкес жобаға бір ғана өтінім түскен, өтінім конкурстық комиссияның қарауына ұсынылған.

Комиссия шешімі:

«ОТИС Регион» ЖШС біліктілік іріктеуден өткен, біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жекеше әріптес болып танылған.

«ОТИС Регион» ЖШС тікелей келіссөздер қатысушысы болып танылған.

Конкурс нәтижесінде немесе бір ғана әлеуетті өтінім берушімен конкурстық комиссия арасында МЖӘ жобасы келісім шарттының талаптары бойынша келіссөздер жүргізілген.

Конкурстық Комиссияның хаттамасының шешіміне сәйкес, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының келісім шарт жобасы қабылданып, бекітілген.

Сонымен қатар ең үздік әлеуетті өтінім беруші ретінде «ОТИС Регион» ЖШС анықталған (*конкурстық комиссияның 20.02.2023 жылғы хаттамасы*).

Конкурстық комиссияның 2023 жылғы 20 наурыздағы хаттамасына сәйкес «ОТИС Регион» ЖШС МЖӘ жобасын жүзеге асырушы ретінде жеңімпаз болып анықталған.

4. «Түркістан облысының 20 мектеп-интернатындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» МЖӘ жекеше әріптесті айқындаушы конкурстық комиссиясының 2019 жылы 20 қыркүйектегі хаттамасы негізінде Жеке кәсіпкер «Қалымбетов Д.Ж» жекеше әріптес тікелей келіссөздер қатысушысы болып танылған.

23.12.2019 жылы «Түркістан облысының 20 мектеп-интернатындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» МЖӘ жобасының №50 шарты түзілген.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 2021 жылдың 01 қаңтары мен 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге бөлінген 7 604 174,0 мың теңге бюджет қаражаты қамтылды.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша жалпы 3 255 221,0 мың теңге бұзушылық сомасы анықталды.

Оның ішінде:

Қаржылық бұзушылық сомасы - 3 255 221,0 мың теңге (*оның ішінде қалпына келтіруге жататыны - 3 255 221,0 мың теңге*);

Тиімсіз пайдалану сомасы – 251 233,2 мың теңге

Аудит барысында 590 145,3 мың теңге қаржылық бұзушылық қалпына келтірілді.

Қалпына келтіруге жататыны: 2 665 075,7 мың теңге;

Сондай-ақ, жалпы 52 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда қаржылық бұзушылықтар сомасы 3 255 221,0 мың теңге:

1. «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінде – 78 463,9 мың теңге;

2. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынында – 71 416,8 мың теңге;

3. «Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінде – 2 334 943,4 мың теңге;

4. Түркістан облысының білім басқармасының «Түркістан қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – 503,9 мың теңге;

5. «Түркістан облысы білім басқармасының «Түлкібас ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – 234 351,7 мың теңге;

6. Түркістан облысының білім басқармасының «Сайрам ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – 77 421,5 мың теңге;

7. «Түркістан облысы білім басқармасының «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – 180 251,6 мың теңге.

8. Түркістан облысы білім басқармасының «Төлеби ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде – 277 868,2 мың теңге.

Тиімсіз пайдаланылған сома көлемі 251 233,2 мың теңге:

1. «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесінде – 107 026,2 мың теңге;

2. Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасында – 144 207,0 мың теңге;

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тараптардың мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартының талаптары мен міндеттемелерін толық және уақтылы орындауына, түпкілікті нәтижеге қол жеткізудің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдау және бағалау және шығындарды өтеу көлемдерінің негізділігіне аудит жүргізу кезінде төмендегілер анықталды.

1) Түркістан облысының білім басқармасы бойынша жүзеге асырылған МЖӘ жобаларына аудит жүргізу барысында мүліктерді есепке алмау, нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін барлығы **3 105 340,3 мың теңге** бұзушылық анықталған. Атап айтқанда:

1-тармақ. Түркістан облысының білім басқармасында МЖӘ шарты бойынша **2 321 816,6 мың теңге** көлемінде алынған құрал жабдықтарды, сонымен қатар нысандарды коммуналдық меншікке қабылдамай, мүліктің есепке алынуын қамтамасыз етпеу бұзушылықтары орын алып, Заң талаптары сақталмағаны анықталды.

1. «Түркістан облысының 20 мектеп итернатының асханаларын жаңғырту және пайдалану» туралы 06.09.2021 жылы МЖӘ келісім шарты бойынша - 106 185,7 мың теңге;

2. «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Үшбастау ауылындағы мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғырту және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша – 20 963,0 мың теңге;

3. «Түркістан облысының мемлекеттік білім беру мекемелерінде дабыл сигнализация жүйесін орнату және қызмет көрсету» МЖӘ келісім шарты бойынша – 72 493,0 мың теңге;

4. «Түркістан қаласы, Отырар мөлтек ауданындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша – 578 700,0 мың теңге;

5. «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Манкент ауыл округі, Манкент ауылындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты – 608 991,0 мың теңге;

6. «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты – 643 306,0 мың теңге;

7. «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауыл округінің Ақсукеңт-2 ауылындағы Абылайхан атындағы орта мектеп ғимаратын балабақша етіп қайта құру» МЖӘ жобасы бойынша - 291 177,9 мың теңге.

Яғни, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 4-бабының 1-тармағы, 7-бабының 3-тармағы, 17-бабының 11), 17) тармақшасының талаптары, 122 баптың 4 - тармағы және ҚР ҰЭМ 25.11.2015 жылғы №713 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларының» 10, 12, 13, 14 тармақтары талаптары сақталмаған (*аудиторлық есептің 3, 5, 9, 10, 11, 12, 13 -тармақтары*).

2-тармақ. Аудит нәтижесімен **91 052,2 мың теңгеге** нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін анықталған. Бұл ретте, ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен сараптама жүргізілген.

Атап айтқанда :

1) «Түркістан облысы Түлкібас ауданы Ақбиік елді мекендегі 100 орындық балабақша құрылысы (*5 798,8 мың теңге*);

2) «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгер қаласының Таскешу елді мекеніндегі 100 оқушы орындық бастауыш мектеп құрылысы» (*954,7 мың теңге*) ;

3) «Түркістан облысы Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылындағы 75 орындық балабақша құрылысы» (*6 373,3 мың теңге*) .

Бұл ретте, ҚР «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242-ІІ Заңының 34-3 бабының 2 тармағы 1) тармақшасының, 60 бабы 1 тармағының, ҚР №379-V ҚРЗ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 13-бабының 1-тармағының талаптары сақталмаған (*аудиторлық есептің 14,15,16-тармақтары*).

Сонымен қатар көрсетілген бұзушылықтар өз кезегінде Түркістан қаласының білім бөлімінде (*503,9 мың теңге*), Сайрам ауданының білім бөлімінде (*77 421,5 мың 91 052,2теңге*) орын алған.

Яғни, «Түркістан қаласы, Отырар мөлтек ауданындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану», Сайрам ауданы, Қарасу ауылы округі, Қарасу елді мекеніндегі 280 орындық бала бақша құрылысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы округі, Ақсукеңт-2 елді мекеніндегі №93 Абылайхан ОМ-нің ғимаратын 200 орындық бала бақша құрылысына қайта құру, Сайрам ауданы, Манкент ауылы округі, Манкент елді мекеніндегі 280 орындық бала бақша құрылысы бойынша нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметаға сәйкес келмейтіні анықталған (*аудиторлық есептің 1,2,3-тармағы*).

3-тармақ. Бұдан бөлек аудит барысында облыстық білім басқармасына қарасты 3 бірлік аудит объектісінде **692 471,5 мың теңге** көлемінде МЖӘ объектісінің мемлекеттік мекеме балансына алынбағаны анықталды (*Түлкібас ауданы білім бөлімі – 234 351,7 мың теңге, Төлеби ауданы білім бөлімі – 277 868,16 мың теңге, Сарыағаш ауданы білім бөлімі – 180 251,6 мың теңге*).

1. Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Ақбиік елді мекендегі 100 орындық балабақша ғимараты және оның мүліктері – 234 351,7 мың теңге;

2. Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгер қаласының Таскешу елді мекеніндегі 100 оқушы орындық бастауыш мектеп ғимараты және оның мүліктері - 277 868,16 мың теңге;

3. «Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылындағы 75 орындық балабақша құрылысы жән пайдалану» объектісі - «Ай-Мейрім» балабақша ғимараты және оның мүліктерінің жалпы сомасы -180 251,6 мың теңге мемлекеттік әріптестіктің балансына алынбаған.

ҚР-ның «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 4-бабы 1-тармағы, 7-бабының 3-тармағы, 17-бабының 11), 17) тармақшасының талаптары, 122 баптың 4 тармағы және ҚР ҰЭМ 25.11.2015 жылғы №713 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау қағидаларының» 2-тармағы 5-тармақшасы, ҚР ҚМ «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 4, 7, 13, 15, 35, 275 тармағының талаптары сақталмаған (*аудиторлық есептің 2,5-тармақтары*).

2) Түркістан облсының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы бойынша

МЖӘ жобасына «Көркем Телеком» ЖШС-нің ұсынған бизнес жоспары бойынша Жобаның мақсаттары мен міндеттері.

Жобаның мақсаты-Түркістан қаласындағы қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру.

2027 жылға қарай жобаның сандық міндеттері:

- Қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар санын 30 %-ға төмендету;
- ЖКО санын 30 %-ға азайту;
- ЖКО-да қаза тапқандар санын 40%-ға азайту;
- ЖКО-да жараланғандар санын 30 %-ға азайту жоспарланған.

Жобаның сапалы міндеттері:

- Құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін жазаның бұлтартпаушылық қағидаттарын іске асыру;

- Қоғамдық орындарда қылмыс жасау мүмкіндігін болдырмау;

- Жүргізушілердің мәдениетін арттыру;


- Қалалық көлік саласын басқару сапасын арттыру;

- Құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша полиция органдарының іс-қимылдарының тиімділігін арттыру;

- Қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау фактілері бойынша істерді қарау санын азайту есебінен өңірдің пенетрациялық жүйесіне жүктемені азайту;

- Жолдардағы жағдай туралы ақпаратты жинау және тіркеу бойынша қала әкімдігі мен құқық қорғау органдарының кезекші бөлімдерін ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту болып табылады.

Түркістан қаласы және Түркістан облысы бойынша 2015-2023 жылдар бойынша жол көлік оқиғаларының динамикасы.



Түркістан қаласы және Түркістан облысы бойынша 2021-2022-2023 жылы жол көлік оқиғаларының салыстырмалы көрсеткіші.

Көрсеткіш

Түркістан облысы	Жол көлік оқиғаларының саны			Қаза тапқандар саны			Зардап шеккендер саны		
	12 мес. 2021 г.	12 мес. 2022 г.	12 мес. 2023	12 мес. 2021 г.	12 мес. 2021 г.	12 мес. 2023	12 мес. 2021 г.	12 мес. 2022 г.	12 мес. 2023
Арыс	20	20	42	18	11	17	15	29	48
Байдібек	20	22	38	16	20	30	10	25	60
Қазығұрт	22	38	36	18	22	12	31	44	44
Кентау	51	36	44	19	1	4	61	46	57
Жетісай	38	61	125	16	24	22	33	75	179
Махтарал	26	30	63	12	15	9	15	20	71
Ордабасы	65	50	52	34	24	26	63	46	48
Отырар	25	10	18	9	4	8	20	7	15
Сайрам	56	56	177	24	24	20	55	56	205
Сарыағаш	77	69	77	25	30	33	66	57	83
Келес	66	60	64	30	22	22	85	70	71
Созак	13	18	42	17	10	15	19	18	54
Төлеби	33	34	61	23	21	23	19	35	57
Түркістан	74	55	119	9	14	3	80	49	131
Түлкібас	73	67	83	19	15	22	96	93	111
Шардара	36	22	47	10	16	9	66	50	75
Сауран	17	31	23	14	23	20	9	27	16
Облыс бойынша	712	679	1111	313	296	295	743	747	1325

Түркістан облысы бойынша 2021 жылы жол көлік оқиғалары 712 болса, 2022 жылы 679-ға төмендегенімен 2023 жылы бұл көрсеткіш 1111-ге немесе 82 % ұлғайған. Қаза тапқандар саны 2021 жылы 2023 жылға қарағанда 313-тен 295 немесе 6% азайып отыр. Жол көлігі апаты салдарынан зардап шеккендер 2021 жылы 743 болса, 2023 жылы 1325 болып, 578 ке немесе 78 % көбейген.

Түркістан қаласы бойынша 2021 жылы жол көлік оқиғалары саны 74 болса, 2022 жылы 55-ке азайған. 2023 жылы жол көлік оқиғалар саны 119-ға немесе 62 % өскен. Қаза тапқандар саны 2022 жылы 2021 жылға қарағанда 35%-ға өссе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 3 есеге төмендеген. Ал, зардап шеккендер 2021 жылы 80 болса, 2023 жылы 131 ге немесе 61%-ға өскен. (Мәліметтер <https://qamqor.gov.kz/crimestat/indicators/accident> сайтынан аланыды)

Түркістан облысында (*Сергек*) жылдамдық өлшегіш камера (*құрылғы*) орнатылған. Облыс аумағында орнатылған камералардың көмегімен 2021 жылы 31 344 құқық бұзушылық анықталып, мемлекетке 403 946,1 мың тенге шамасында айыппұл өндірілген. 2022 жылы 46339 құқық бұзушылық анықталып, 1,1 млрд. тенге айыппұл өндірілсе, 2023 жылы 270708 құқық бұзушылықты анықталып, 4,3 млрд. тенге мемлекетке өндірілген. (*Түркістан облысы бойынша Полиция департаментіне 29.02.2024 жылғы №42-11/477 шығыс хаты жолданып, мәлімет 04.03.2024 жылғы №5/5-30/2098 шығыс хатымен ұсынылған мәлімет*)

МЖӘ жобасы бойынша «Фотобейнетіркеу және бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешенін» өнеркәсіптік пайдалануға 02.08.2023 жылы актімен енгізілген.

4 - тармақ. Түркістан облсының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының 755 096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылға «*Көркем Телеком*» ЖШС-МЖӘ жобасы бойынша басқару сыйақысына 144 207,0 мың теңге теңге қаржы жоспарланып, төленген.

МЖӘ жобасына «Көркем Телеком» ЖШС-нің ұсынған бизнес жоспары бойынша Жобаның мақсаттары мен міндеттері.

Жобаның мақсаты - Түркістан қаласындағы қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру көзделген.

2027 жылға қарай жобаның сандық міндеттері:

- Қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар санын 30 %-ға төмендету;
- ЖКО санын 30 %-ға азайту;
- ЖКО-да қаза тапқандар санын 40%-ға азайту;
- ЖКО-да жараланғандар санын 30 %-ға азайту жоспарланған.

Алайда, Түркістан қаласы және Түркістан облысы бойынша 2021-2022-2023 жылы жол көлік оқиғаларының салыстырмалы көрсеткіші төмендегідей орын алған.

Түркістан облысының көрсеткіштері

- Қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар саны 2021 жылы 750 901 болса, 2023 жылы 995 734 ке жетіп, көрсеткіш 32% ұлғайған.

- Жол көлік оқиғалары - Түркістан облысы бойынша 2021 жылы жол көлік оқиғалары 712 болса, 2022 жылы 679-ға төмендегенімен 2023 жылы бұл көрсеткіш 1111-ге немесе 82 % ұлғайған.

- Жол көлік оқиғаларда қаза тапқандар саны 2021 жылы 2023 жылға қарағанда 313-тен 295 немесе 6% азайып отыр.

- Жол көлігі апаты салдарынан зардап шеккендер 2021 жылы 743 болса, 2023 жылы 1325 болып, 578 ке немесе 78 % көбейген.

Қортыныдылай келе, Түркістан облысы бойынша «Сергек» бойынша салынған нұсқама және өндірілген айыппұлдар көлемі 10 есеге өскенімен, Жол көлік оқиғалар саны 82 %-ға ұлғайған, Жол көлік оқиғаларда зардап шеккендер саны 78 %-ға ұлғайған.

Жобаның мақсаты - Түркістан облысы бойынша қоғамдық қауіпсіздік пен жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру болса, 2023 жыл бойынша 4 көрсеткіш ұлғайып, 1 көрсеткіш азайған.

Талдау нәтижесі көрсеткендей МЖӘ жобасына «Көркем Телеком» ЖШС-нің ұсынған бизнес жоспарындағы көрсеткіштерге 2023 жылы толық қол жеткізілмеген, осыған байланысты 755 096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасының МЖӘ жобасы бойынша басқару сыйақысына төленген **144 207,0 мың теңге** теңге қаржы тиімсіз атқарылған деп есептейміз. Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) тармақшасы «Тиімділік қағидаты» сақталмаған (*аудиторлық есептің 7-тармағы*).

3) Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы бойынша МЖӘ жобаларын жүзеге асыру барысында көрсетілген көрсеткіштерге және келісім шартқа сәйкес, жекеше әріптес Халық қолөнер шеберлері орталығын ағымдағы жөндеу міндеттелген. Осыған байланысты Түркістан қаласы, Алматы тұйық көшесі, 3 корпус мекен-жайында орналасқан қолөнершілер ғимаратын 293 077,5 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ғимарат жаңғыртылған (*Жобалық-сметалық құжатамасы 701 558,6 мың теңгеге, атқарылған жұмыстар актісі (Ф-2,Ф-3 нысаны) 346 200,0 мың теңгеге жасалған.*

5-тармақ. Осылайша, МЖӘ шартының міндеттемелерін жүзеге асыру барысында МЖӘ нысанының асханалары мен ас блоктарын жаңғыртып, 74 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, МЖӘ нысанын жаңғырту нәтижесінде Жекеше әріптестің есебінен 69 000,0 мың теңгеге жабдықтар, мұқаммалдар мен құрал-саймандар сатып алынған.

Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес, қонақ үй және мейрамхана құрылысы қабылданған.

МЖӘ объектісін пайдалану:

- қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұйымдастыру бойынша 500 орын ашылған, ал 50 орындық хостел қызметтерін ұйымдастыру бойынша күрделі жөндеу жұмыстары әлі күнге шейін бітпегені анықталды.

Нәтижесінде жобаның мақсаттары, атап айтқанда:

-Түркістан қаласының туристері үшін қолайлы жағдай жасау;

-Туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;
-Қолайлы туристік ахуал қалыптастыру;
-Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда жылжытудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша нәтиже көрсеткіштері орындалмаған.

Яғни, МЖӘ жобасы ғимараттының негізгі құралдардың, активтердің жай-күйін бағалау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде ғимараттың жатақхана (хостел) бөлігінің құрлыс монтаж жұмыстарының аяқталмай, яғни 704,32 м2 немесе **107 026,2 мың теңге** активтердің қоғам игілігі үшін тиімді пайдаланылмай мемлекеттік мүлікті басқару принциптері сақталмағаны анықталды.

ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 6 бабының 4-тармағының талаптары сақталмаған сақталмаған (*аудиторлық есептің 12-тармағы*).

4) Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы бойынша

ҚР «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242-ІІ Заңының 34-3 бабының 2 тармағы 1) тармақшасының, 60 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 13-бабының 1-тармағының талаптары сақталмай жалпы бұзушылықтар құны 78 463,9 мың теңге.

6-тармақ. Оның ішінде нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстар көлемі 71 308,9 мың теңгені құраған:

1. Түркістан қаласы, Оранғай ауыл округі, Қосқорған елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункті құрылысы (*8 577,8 мың теңге*);
2. Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Ақжол елді мекеніндегі «Ақжол» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (*9 141,7 мың теңге*);
3. Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Мадениет елді мекеніндегі «Жұлдыз» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (*10 161,3 мың теңге*);
4. Ордабасы ауданы, Бөржар ауыл округі Бірлік ауылы «Бірлік» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (*8 234,3 мың теңге*);
5. Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Батыр-ата елді мекеніндегі «Батыр-ата» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (*16 783,0 мың теңге*);
6. Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгір тас жолы көшесі №26А уч. Екпінді ауылы мекен-жайында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы (*4 424,7 мың теңге*);
7. Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы, Бозжорға көшесі №1Б, үйінде орналасқан «Алғабас» фельдшерлік-акушерлік пунктінің құрылысы (*5 185,3 мың теңге*);
8. Түркістан қаласы, Шаға ауыл округі, Бершінтөбе елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункті құрылысы (*8 800,8 мың теңге*);

Сонымен қатар, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Көлқұдық елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пунктіне бақылау өлшемі жасалынып, нәтижесінде жобалау сметалық құжаттамасы мен атқарылған жұмыс актілерін (Ф-2,Ф-3) сәйкестігін салыстыру барысында **1 952,4 мың теңгенің**

жұмыстарының орындалмағаны және жабдықтардың орнатылмағаны анықталса, Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы Бозжорға көшесі №1Б үйінде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң жалпы технологиялық негiзгi құралдары Жекеше әрiптес тарапынан **3 406,3 мың теңгеге** кем тапсырылғаны анықталды (*аудиторлық есептiң 17-тармағы*).

Аудит барысында дәл осындай ұқсас бұзушылық Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгiр тас жолы көшесi №26А уч. Екпiндi ауылы мекен-жайында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң нақты жалпы технологиялық негiзгi құралдары мемлекеттiк әрiптес "Satti Group" ЖШС-гi **1 796,3 мың теңгеге** кем тапсырылған (*аудиторлық есептiң 18-тармағы*).

Бұл ретте ҚР «Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметi туралы» №242-II Заңының 34-3 бабының 2 тармағы 1) тармақшасының, 60 бабы 1 тармағының, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V ҚРЗ «Мемлекеттiк-жекешелiк әрiптестiк туралы» Заңының 13-бабының 1-тармағының талаптары сақталмаған.

7-тармақ. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына үстеме бақылау жүргізу барысында тексеріп қарау нәтижесі бойынша МЖӘ жобасы бойынша 18.03.2020 жылы №12 келісім шарттың 1.10. тармағына сәйкес «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны МЖӘ объектілерінің балансұстаушысы бола тұрып, баланстағы негiзгi қорлардан (ОС) Шұбарсу ауылы, Қонаев көшесi н/з үй мекен жайында орналасқан Ауылдық емхананың – (АЕК орталығы) баланстық құны 54 896,1 мың теңгенi құрайтын және Шұбарсу ауылы, Төрекұлов көшесi н/з үй мекен жайында орналасқан «Атамекен» фельдшерлік акушерлік пунктiнiң (ФАП «Атамекен») баланстық құны 16 520,7 мың теңгенi құрайтын, жалпы сомасы 71 416,8 мың теңгенi құайтын мемлекеттiк мүлiктер 2021-2023 жылғы кәсіпорынның негiзгi қорлар (ОС), кәсіпорынның балансынан негiзсiз есептен шығарылғаны анықталған.

ҚР «Мемлекеттiк мүлiк туралы» Заңының 4 бабы 1-тармағы,7-бабының 3-тармақ,17 бабының 11), 17) тармағының талаптары, 122 баптың 4 тармағы және ҚР ҰЭМ «Мемлекеттiк-жекешелiк әрiптестiк объектілерін мемлекеттiк меншікке қабылдау қағидаларының» 2-тармағы, 5) тармақшасы сақталмаған (*аудиторлық есептiң 4-тармағы*).

Қортынды жасау барысында Денсаулық сақтау басқармасында анықталған 6 МЖӘ объектілері бойынша жалпы құны 629 922,6 мың теңге құрайтын қаржылық бұзушылықтар және тиімсіз ақарылған бұзушылық (аудиторлық есептегі 13,14,15,16 тармақтар) рәсімдік бұзушылыққа ауыстырылды. (Сапа бақылау қортындысы бойынша Сараптамалық қортындылары 10.04.2024 жылғы №461 және 25.06.2024 жылғы №670).

Атап айтқанда:

1) Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Оранғай ауыл округі, Қосқорған елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы (*құрылыстың құны 84 863,9 мың теңге*), Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Шаға ауыл округі, Бершінтөбе елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы жобалары (*құрылыстың құны 84 627,0 мың теңге*) бойынша құрылыс жұмыстары аяқталып, объектілер пайдаланылуға 19.10.2020 жылы және 12.11.2020 жылы қабылданған. Екі объекті бойынша жалпы сомма **169 490,9 мың тенгені** құраған;

2) «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгір тас жолы көшесі №26А уч. Екпінді ауылы мекен-жайында орналасқан «Екпінді» фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы аяқталып, пайдалануға 20.12.2021 жылы қабылданған (*объектiнiң құны 116 957,0 мың теңге*) және «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы Бозжорға көшесі №1Б үйінде орналасқан «Алғабас» фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы аяқталып, пайдалануға 20.12.2021 жылы қабылданған (*объектiнiң құны 116 088,0 мың теңге*). Төлеби ауданындағы «Екпінді ФАП және «Алғабас» ФАП-рі өз қызметінде 2022 жылдан бері пайдалануда. Алайда, МЖӘ объектілерді тиісті мемлекеттік органдармен коммуналдық меншікке алу туралы шешім қабылданбауына байланысты, жалпы құны **233 045,0 мың теңгені** құрайтын МЖӘ объектілері «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-на бекітіп берілмеген. Екі объекті бойынша жалпы сомма 169 490,9 мың тенгені құраған;

3) «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан а/о, Батыр-ата ауылында орналасқан «Батыр-ата» фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы аяқталып пайдалануғву 11.11.2022 жылы (*объектiнiң құны 106 327,0 мың теңге*) және «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар а/о, Бірлік ауылында орналасқан «Бірлік» фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы аяқталып, пайдалануға 08.07.2021 жылы (*объектiнiң құны 121 059,7 мың теңге*) қабылданған. Алайда, МЖӘ объектілерді тиісті мемлекеттік органдармен коммуналдық меншікке алу туралы шешім қабылданбауына байланысты, жалпы құны **227 386,7 мың теңгені** құрайтын МЖӘ объектілері «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК- на бекітіп берілмеген.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).

1) Түркістан облысының білім басқармасы

Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мектепке дейінгі білім беру саласында негізгі проблема мектепке дейінгі ұйымдардағы орындардың тапшылығы және соның салдарынан балаларды мемлекеттік меншіктегі балабақшаларға орналастыру үшін жоғары кезектілік болып табылады. Қазақстан халқының әл-ауқатының жақсаруына және бала туудың тұрақты деңгейіне байланысты жақын арада мектепке дейінгі білім беру қажеттілігінің төмендеуі күтілмейді. Қазақстан Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректеріне сәйкес 2009 жылдан бастап 2019 жылға

дейінгі соңғы 10 жылда туу көрсеткіші 42% - ға өскен. Сондай-ақ, Түркістан облысында жыл сайын 55 мыңнан астам бала туылады, бұл республикадағы әрбір алтыншы бала. Бала туу есебінен мектепке дейінгі ұйымдардағы орындарға кезектің жыл сайынғы өсуі ел бойынша жылына орта есеппен 19,9% - құрайды. Сонымен қатар, Түркістан облысында туу және көші-қон факторларына байланысты бұл көрсеткіш – 46,1% - құраған. Облыстың мектепке дейінгі мекемелеріндегі орындардың тапшылығы, бір жағынан, мемлекеттік меншіктегі балабақшалар үшін қажетті ғимараттар санының болмауымен, екінші жағынан, соңғы 10 жылдағы туу көрсеткішінің өсуімен байланысты. Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мұндай жағдай Түркістан облысында ғана емес, жалпы Қазақстан Республикасында да бар. Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру саласындағы әлеуметтік объектілердің құрылысы даму перспективалары мен демографиялық жағдайды жақсарту резервтері бар елді мекендерде жүзеге асырылады. Балабақшалармен проблема жоғары деңгейде: облыстың белсенді дамуы аясында облыс тұрғындарының өсу қарқыны жоғары, сәйкесінше мектепке дейінгі мекемелер саласын белсенді дамыту қажеттілігі туындайды. Соңғы екі жылда 1 жастан 6 жасқа дейінгі ДДО балаларын қамту өсу үрдісіне ие. 2021 жылы бұл көрсеткіш 2,1 пайыздық тармаққа артып, 48,1% - құраған. Сондай-ақ, 3-6 жас аралығындағы балаларды қамту 1,3% - ға артып, 81,8% - құраған. Түркістан облысының ДДҰ балаларының аз қамтылуы өңірде халық санының өсуінің жоғары деңгейі байқалуымен түсіндіріледі. Облыс халқының саны табиғи және көші-қон өсімі есебінен өсуде. Мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын азайту үшін 700-ге жуық балабақша салу қажет (*сыйымдылығы 100 бала*).

Мектепке дейінгі білім беру және ата-ана тәрбиесі көптеген отбасыларға табыстың төмендігіне байланысты қол жетімді емес. Ауылдық жерлерде мектепке дейінгі білім берумен қамту мәселесі ерекше өзекті.

Осылайша, Үшбастау ауылындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында орын тапшылығын болдырмау үшін жаңа балабақшалар салу қажет, олардың біреуі 100 орындық МЖӘ схемасы бойынша жоспарланған.

Ескі мектепті балабақша ретінде жаңғырту білім беру саласындағы басым міндеттердің сапалы орындалуын қамтамасыз етеді және жалпы әлеуметтік саладағы инфрақұрылымды жақсартады.

МИҰ жобасы аясында тікелей пайда алушылар:

1) Жергілікті атқарушы органдар:

- * жаңа балабақшалар құру;
- * Түркістан облысындағы білім беру объектілеріндегі тапшылықты қысқарту;
- * жаңа жұмыс орындарын құру;
- * білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;
- * білім беру саласы объектілерінің халыққа қолжетімділігі;
- * білім беру саласындағы мемлекеттік әлеуметтік міндеттемелерді орындау.

2) қала және облыс халқы:

Өңірде жаңа балабақшалар салу есебінен тәрбиеленушілердің тапшылығын қысқарту жолымен білім беру саласы объектілерінің халыққа қолжетімділігін арттыру және халықтың қажеттілігін қанағаттандыру.

Жоба бойынша жалпы ақпарат 2023 жылғы 19 шілдедегі «Түркістан облысы, Қазғұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округіндегі Үшбастау ауылында мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғырту және пайдалану» №118 келісім шарты. Жобаның қуаты (өлшем бірлігі) – 100 орындық, іске асырылу кезеңі – 2022-2037 жылдар аралығы, пайдалану кезеңі – 15 жыл. Қаржыландыру тетіктері және көлемдері жеке қайтарымсыз қаражат. МЖӘ объектісі бойынша болжамды құны – 122 148,9 мың теңге.

Осылайша, осы жоба бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Қазғұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Үшбастау ауылындағы мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғыртылып, пайдалануға берілген. Қазіргі таңда, балабақшада Үшбастау ауыл тұрғындарының бүлдіршіндері тәрбиеленіп, халықтың қажеттілігі қанағаттандырылып, нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

2. 2023 жылғы 05 қыркүйектегі «Түркістан облысының Білім басқармасы» ММ үшін BilimLand.kz, iTest.kz, iMektep.kz, OnlineMektep, Mektep.Smartnation.kz, Jumys.Smartnation.kz және Basqarma.Smartnation.kz білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және қызмет көрсету» №120 МЖӘ шарты.

МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі мемлекеттің пайдаларын төмендегідей бағалауға болады. Атап айтқанда:

- Цифрлық технологиялар саласындағы оқытушылардың дағдылары мен дағдыларын арттыру;
- Материалдық инфрақұрылымды дамыту, онлайн оқытуды дамыту;
- Білім беру саласындағы цифрлық технологияларды енгізу болып табылады;
- Бюджеттік түсімдердің ұлғайыны.

Осылайша, осы жоба бойынша Білім беру мекемелерінде цифрлық технологиялар саласындағы оқытушылардың дағдыларын, материалдық инфрақұрылымды дамыту, онлайн оқытуды дамыту, цифрлық технологияларды енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

3. 2023 жылғы 25 шілдедегі «Түркістан облысының мемлекеттік білім беру мекемелерінде дабыл сигнализациясы жүйесін орнату және қызмет көрсету» №119 МЖӘ шарты.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асырудың негізгі бағыттары: білім беру ұйымының терроризмге қарсы қорғалуы туралы заңнама талаптарының сақталуын бақылау, білім беру ұйымының білім алушылары мен қызметкерлерін төтенше жағдайлардан, білім беру ұйымының техникалық нығайтылуы мен терроризмге қарсы қорғалуынан қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында білім беру қызметінің қауіпсіздігін

қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық іс-шаралардың орындалуын ұйымдастыру болып табылады.

Жоба бойынша жалпы ақпарат:

- Жобаның жалпы құны – 542 552,0 мың теңге.
- Инвестициялық шығындардың құны – 72 493,0 мың теңге (1 объектіде ДС жүйесін орнату құны 77,5 мың теңге, объект саны 936 дана).
- Операциялық шығындардың өтеу – 470 059,0 мың теңге (1 объектіге қызмет көрсету құны 8,4 мың теңге, объект саны 936 дана, Келісім шарт мерзімі аяқталғанға дейінгі қызмет көрсету мерзімі 60 ай).

Осылайша, осы жоба бойынша Білім беру мекемелерінде ДС жүйелері орнатылған және техникалық қызмет көрсетуге бойынша жұмыстар жүргізілуде. 2023 жылғы нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

4. 23.12.2019 жылы «Түркістан облысының 20 мектеп-интернатындағы асханаларды жаңғырту және пайдалану» МЖӘ жобасының №50 Шарттың қаржы-экономикалық моделіне (әрі қарай – ҚЭМ) сәйкес Жекеше әріптес 4 513 оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз етуі жоспарланған. 2021-2023 жылдары ыстық тамақпен қамтыған нақты оқушылар саны №2 кестеде көрсетілген.

№	Мектеп-интернат атауы	Орналасқан аумағы	Оқушы саны			
			ҚЭМ бойынша	2021	2022	2023
1	№5 арнайы МИ (Жетісай көмекші МИ)	Жетісай	203	171	170	171
2	Жетісай ауданының мамандандырылған "Дарын" МИ	Жетісай	250	120	245	245
3	№6 арнайы кешен "Балабақша бастауыш МИ (Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектеп-интернат)	Мырзакент	162	160	160	160
4	Сарыағаш ауданының №4 мамандандырылған МИ	Сарыағаш	150	80	135	135
5	Мәулен Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған МИ	Шардара	150	80	130	130
6	Қазығұрт ауданының мамандандырылған "Дарын" МИ	Қазығұрт	293	180	220	225
7	Жамбыл Қаппаров атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық МИ	Қазығұрт	300	280	300	300
8	№11 Санаторий типтес арнаулы МИ	Қазығұрт	355	200	240	260
9	Төлеби ауданының мамандандырылған МИ	Төлеби	100	50	90	96
10	№4 арнайы МИ (Леңгір көмекші МИ)	Төлеби	164	80	85	95
11	№2 арнайы МИ (Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған Ленгер көмекші МИ)	Төлеби	238	90	195	205

№	Мектеп-интернат атауы	Орналасқан аумағы	Оқушы саны			
			ҚЭМ бойынша	2021	2022	2023
12	№3 арнайы МИ (Құлағы нашар еститін балалар үшін Леңгір қосалқы МИ)	Төлеби	121	70	90	105
13	Маржан Тасова атындағы үш тілде оқытатын мамандандырылған №12 МИ	Шымкент	475	150	390	390
14	Батырбек Өтеп атындағы мамандандырылған "Өнер" МИ	Шымкент	270	180	190	200
15	Түлкібас ауданының үш тілде оқытатын мамандандырылған МИ	Түлкібас	150	70	141	145
16	Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған МИ	Түркістан	150	70	130	135
17	№1 арнайы кешен "Балабақша МИ" (Тілінде ауыр кемістігі бар балаларға арналған облыстық арнайы МИ)	Түркістан	434	200	380	410
18	№7 арнайы МИ (Түркістан көмекші МИ)	Түркістан	187	70	105	140
19	Түркістан қаласының "Білім-инновация" мектеп лицей-интернаты (№3 Кентау «Білім-инновация «Ер балалар лицейі»)	Түркістан	206	190	200	275
20	Кентау қаласындағы «Дарын» мамандандырылған МИ	Кентау	155	80	144	150
	Барлығы		4 513	2 571	3 740	3 972

Қортындылай келе, Білім саласындағы Мемлекеттік жеке әріптестік жобаларын іске асыруда түпкілікті нәтижеге қол жеткізілген, әлеуметтік-экономикаға тиімді деп есептейміз. Алайда, Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ келісім шарттарының орындалуына бақылаудың, мониторингтің, жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейде болуына байланысты, МЖӘ жобаларын іске асыруда мемлекеттік мүліктерді тиімді пайдалануына кедергі келтіреді.

1) Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы бойынша:

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес 350 млрд.теңге сомасына "100 мектеп, 100 аурухана салу "және" 350 дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік пункттер мен емханалар салу" жобалары іске асырылған.

Бөлінген қаражат бірінші кезектегі тәртіппен ҚР Үкіметі мен өңірлердің әкімдіктері апаттылық, тозу, медициналық көмектің, оның ішінде шалғайдағы елді мекендерде қолжетімділігін қамтамасыз ету проблемаларын шешуге бағытталды және бірқатар облыс орталықтарында жоғары технологиялық медициналық объектілер салынған.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Астана қаласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және бүкіл республика халқына жоғары технологиялық медициналық көмек көрсететін заманауи мамандандырылған орталықтар құрылған.

Бұл шаралар медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға мүмкіндік берген.

Сонымен қатар, әлемде диагностика мен емдеудің технологиялары мен жаңа әдістерінің дамуына, сондай-ақ 50%-дан астам денсаулық сақтау актілерінің физикалық тозуына байланысты Инфрақұрылым тұрақты инвестицияларды қажет ететінін түсіну қажет. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасымен мемлекеттік-жекешелік партиялық негізінде жеке сектор ресурстарын белсенді тарта отырып, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңарту және дамыту жөнінде нақты шаралар көзделген.

Денсаулық сақтау саласына жеке секторды тарту, мемлекет пен қоғам үшін пайда:

- Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауы шеңберінде МЖӘ-нің барлық ықтимал түрлері мен нысандарын: мемлекеттік мүлікті алдын ала басқару, сервистік келісімшарттар және басқаларын пайдалана отырып, инфрақұрылымды жаңарту қажеттігі туралы атап өткен. Бұл ретте, әсіресе шағын жобаларға қатысты барлық келісу рәсімдерін барынша жеңілдету және жеделдету қажет. МЖӘ инфрақұрылымды, оның ішінде әлеуметтік саланы дамытудың негізгі тетігі болуға тиіс".

МЖӘ шартын жасасу мемлекеттік және жеке әріптестер арасында Орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді кезеңге өзара тиімді қатынастар құруға мүмкіндік берген.

Бұл жеке сектордың одан әрі дамуына және денсаулық сақтаудағы бәсекелестікке ықпал етуі керек, атап айтқанда, жаңа технологиялар мен емдеу әдістерін, денсаулық сақтаудағы бірлескен менеджментті зерттеуге және өзгертуге мүмкіндік берген.

МЖӘ тетіктерін қолдана отырып жобаларды іске асырудың негізгі артықшылықтары:

- Мемлекет үшін-бұл қазіргі заманғы және ұтымды инфрақұрылымды құру үшін инвестицияларды тарту, нәтижесінде объектіні пайдалануға жұмсалатын тікелей шығындарды азайту, жеке әріптеспен тәуекелдерді және жоба бойынша шығыстарды бөлу, объектіні тиімді басқару. Халық сапалы медициналық қызмет алады, ал жеке сектор тұрақты және ұзақ мерзімді бизнес алады.

ФАП ауыл тұрғындарына медициналық-санитариялық көмек көрсету жөніндегі ең жаппай алғашқы медициналық-санитариялық мекеме болып табылады және емдеу-профилактикалық қызмет көрсетуде, профилактикалық және сауықтыру іс-шараларының кешенін, сондай-ақ санитариялық-эпидемияға

қарсы жұмыстарды жүргізуде үлкен рөл атқарады. ФАП міндеттері инфекциялық науқастарды ерте анықтауды қамтамасыз ету, ошақтарда алғашқы эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу, елді мекендердің аумағын ағымдағы санитарлық қадағалау болып табылады. ФАП қызметінде халық арасында гигиеналық дағдылар мен білімді тарату, санитарлық активті құру және оны оқыту маңызды орын алады. Фельдшерлер мен акушерлер медициналық тексерулерді ұйымдастыруға және өткізуге, ауыл тұрғындарын жыл сайын диспансерлеуге белсенді қатысады.

ФАП-тың негізгі міндеттері:

- Халыққа дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету;
- дәрігердің басшылығымен сырқаттанушылықты, ең алдымен инфекциялық және паразиттік, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық жарақаттануды төмендетуге бағытталған профилактикалық, эпидемияға қарсы және санитариялық-гигиеналық іс-шаралар жүргізу;
- дәрігер тағайындауларын уақтылы және толық көлемде орындау;
- балалар мен жүкті әйелдердің патронажын ұйымдастыру, мүгедектер мен ҰОС қатысушыларының, оларға теңестірілген адамдардың және Чернобыль апатының зардаптарын жоюшылардың денсаулық жағдайын жүйелі бақылау;
- өлімді азайту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру-жаңалықтар, оның ішінде балалар мен аналар;
- балалар мен жасөспірімдерге арналған мекемелерге, коммуналдық, азық-түлік, өнеркәсіптік және басқа да объектілерге, елді мекендерді сумен жабдықтауға және тазартуға ағымдағы санитарлық қадағалауға қатысу;
- инфекциялық науқастарды, олармен байланыста болған адамдарды және инфекциялық аурудың болуын болжауға болатын адамдарды анықтау мақсатында эпидемиялық көрсеткіштер бойынша үй-жайларды аралау;
- аумақтық СЭС-ті инфекциялық, паразиттік және кәсіптік аурулар, халықтың улануы және анықталған санитариялық-гигиеналық талаптардың бұзылуы туралы белгіленген тәртіппен хабардар ету.

Тараптардың МЖӘ жобасын іске асыру кезіндегі халыққа жоғарғы сапалы медициналық қызмет көрсету проблемаларын кешенді шешу мақсатында, сондай-ақ ауысымына 25 келушіге арналған бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мекемелерінің жүктемесін азайту болып табылады.

Жобаны экономиканың аралас салаларына іске асырудың болжамды мультипликативтік әсері - ФАП құрылысының негізгі күтілетін нәтижесі-тіркелген Халыққа профилактикалық жұмыс жүргізу үшін білікті, мамандандырылған және шұғыл медициналық қуатты көрсетудің қолжетімділігін, тиімді және сапасын жақсарту. Аралас салаларға әсер ақылы қызметтерден салық түсімі, халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы болып табылады. Жұмыс орындарын құру тұрғысынан халық жанама пайда алушы болып табылады, өйткені табысты іске асыру кезінде МЖӘ объектісін салу және пайдалану кезеңінде қосымша жұмыс орындары құрылған.

Аудитпен қамтылған 2021 жылы 754096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау»

бюджеттік бағдарламасы бойынша 324 800,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген. Оның *жергілікті бюджет қаражаты есебінен* 324 800,0 мың теңге 812 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша инвестициялық шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» ерекшелігінен жұмсалған.

Көрсеткіштердің орындалуы 100 %-ды құраған.

Түпкілікті нәтиже: Бағдарламаға еңгізілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау бойынша толығымен орындалған.

2021 жылы 754096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 324 800,0 мың теңге тікелей нәтиже көрсеткіші бағдарламаға еңгізілген МЖӘ медициналық нысанның пайдалануға беру бойынша саны іс жүзінде 3 МЖӘ объектілері пайдалануға қабылданған.

2022 жылы 754096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 337 792,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген. Оның *жергілікті бюджет қаражаты есебінен* 337 792,0 мың теңге 812 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша инвестициялық шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» ерекшелігінен жұмсалған.

Көрсеткіштердің орындалуы 100 %-ды құраған.

Түпкілікті нәтиже: Бағдарламаға еңгізілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау бойынша толығымен орындалған.

Тікелей нәтиже көрсеткіші: Бағдарламаға еңгізілген 1 медициналық нысанның пайдалануға беру бойынша орындалған.

2023 жылы 754096 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 165 035,0 мың теңге жоспарланып, толық игерілген. Оның *жергілікті бюджет қаражаты есебінен* 165 035,0 мың теңге 812 «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша инвестициялық шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау» ерекшелігінен жұмсалған. Аудит бағдарламасы бойынша қаралған мәселелеріне сәйкес іріктеу әдісімен жасақталған.

Көрсеткіштердің орындалуы 100 %-ды құраған.

Түпкілікті нәтиже: Бағдарламаға еңгізілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындалған.

3) Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылы 29 желтоқсандағы №312 «Түркістан қаласындағы жол трафигі бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету және деректерді талдау жүйесін құру және пайдалану» мемлекеттік жекешелік әріптестік объектісін облыстық коммуналдық меншікке қабылдау туралы» қаулысы қабылдан. Құны 1 532 920 260 теңгені құрайтын МЖӘ объектісі

облыстық коммуналдық меншікке 2023 жылы 29 желтоқсанда қабылданған. Атап айтқанда:

- Желілік учаскесіндегі «Сергек» фотобейнетіркеу және бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені – 83 дана, бағалау құны 567 955 563,0 теңге

- Қиылыстағы «Сергек» фотобейнетіркеу бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені – 26 дана, бағалау құны 403 228 358,0 теңге.

- Монтажға арналған шығын материалдары жиынтығы қоса алғанда, жалпы бейне бақылау камералары - 200 жиынтық, бағалау құны 199 428 443, теңге.

- Сервистік және комутациялық жабдық – 1 жиынтық, бағалау құны 362 307 896,0 теңге.

Жалпы сомасы 1 532 920 260,0 теңге.

МЖӘ жобасы келісім шартының «8.12. МЖӘ Объектісін мемлекеттік меншікке тапсыру кезінде Жекеше әріптес Объектінің құнын тәуелсіз бағалауды өз қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі делінген» делінген. Осыған орай «Көркем телеком»ЖШС 2023 жылғы 18 тамызда «EURASIAN HOLDING»ЖШС МЖӘ объектiсiне бағалу жүргізген. Құралдардың бағалау құны 2 163 447 316,0 (ҚҚС пен) теңгені құраған.

р/с	Нысандардың атауы	Өлшем шарты	саны	Жалпы құны ҚҚС пен, теңге
1	Желілік учаскесіндегі «Сергек» фотобейнетіркеу және бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені	кешен	83	839 065 832,0
2	Қиылыстағы «Сергек» фотобейнетіркеу бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені	кешен	26	500 439 378,0
3	Монтажға арналған шығын материалдары жиынтығы қоса алғанда, жалпы бейне бақылау камералары	кешен	200	282 516 011,0
4	Сервистік және комутациялық жабдық	кешен	1	541 426 095,0
	Жалпы бағалу құны			2 163 447 316,0

Сондай ақ, 2023 жылы 29 желтоқсанда «Түркістан облысы бойынша жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жол трафигі деректерін талдау және жүйесін құру және пайдалану» МЖӘ объектiсiн иелену және пайдалану құқықтарын қабылдау-тапсыру актiсi жасалып, құны 1 532 920 260,0 теңге құрайтын МЖӘ объектiлер кешенiн «Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі Жекеше әріптес - «Көркем Телеком»ЖШС-не иелену және пайдалану құқықтарын қабылдау беру жүзеге асырған.

Бұл ретте, Жекеше әріптес - «Көркем Телеком»ЖШС-нен 31.08.2023 жылғы №ТР/107 жылғы шығыс хатымен МЖӘ объектісін коммуналдық меншікке беруге дайын екендігін арызбен Мемлекеттік әріптеске хабарлаған.

МЖӘ жобасы бойынша «Фотобейнетіркеу және бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешенін»

өнеркәсіптік пайдалануға 02.08.2023 жылы актімен енгізілген (Акт ввода в промышленную эксплуатацию). Акт үш тараптан бекітілген, «Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «ҚР ІІМ Түркістан облысы бойынша Ішкі істер департаменті»ММ және «Көркем телеком»ЖШС. Өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген автоматизациялық объектілер:

1) Желілік учаскесіндегі «Сергек» фотобейнетіркеу және бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені – 83 дана

2) Қиылыстағы «Сергек» фотобейнетіркеу бейне бақылау аппараттық-бағдарламалық кешені – 26 дана.

3) Монтажға арналған шығын материалдары жиынтығы қоса алғанда, жалпы бейне бақылау камералары - 200 жиынтық.

4) Сервистік және комутациялық жабдық – 1 жиынтық.

МЖӘ жобасы бойынша «Фотобейнетіркеу және бейне бақылау және видео аппараттық-бағдарламалық кешенін» тәжірибелік пайдалануға 09.08.2022 жылы іске қосылған.

4) Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы

Жоба бойынша жалпы ақпарат Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес Түркістан облысы болашақта «Ұлы Жібек жолының жаңғыруы» кластерін қалыптастыруда, ал Түркістан қаласы осы кластердің негізгі туристік бағыты. Сонымен қатар, Түркістан қаласы Қазақстан Республикасының «Туризм картасының» ТОП 10 перспективалық жобасының қатарына енген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі №7 бд Жарлығымен Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамытудың бас жоспарының тұжырымдамасы бекітілген. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты – мәдени-тарихи мұраны сақтау, Қазақстанның әлемдік деңгейдегі рухани-мәдени және туристік орталығын құру. Археологиялық, тарихи, мәдени және діни нысандардың көптігінен басқа, аймақ табиғи ландшафттарға бай және олардың су жолдарының, артериялардың және әртүрлі флора-фауналық кешендердің көптігі біздің аймақты халықаралық туризмді дамыту жағдайында өте перспективалы етеді.

Түркістан қаласында туризмді дамыту, оның әлеуеті мен қонақтар үшін тартымдылығын арттыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Туризм – Түркістан облысы экономикасының басым салаларының бірі. Бүгінгі таңда облыста 1000-нан астам тарихи-мәдени мұра нысандары мен 4 ерекше қорғалатын табиғи аумақтар бар.

Қазақстанның қиыр оңтүстігіндегі қуаң даланың қақ ортасында орналасқан Түркістан қаласы – туризм саласының тарихынан шынайы сый.

Түркістан қуантады. 1500 жылдық тарихы бар бұл қала бүгінде Орталық Азиядағы мұсылман зияратының маңызды орталықтарының бірі болып табылады және Темірлан салған сопы ақын Қожа Ахмет Йасауи кесенесі де туристерді қызықтырады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, бүгінде туризм әлемде әрбір оныншы жұмыс орнын ашады және 800 миллиард доллар тікелей инвестиция тартады. Қазақстандағы туризм ауқымдылық пен сән-салтанаттың, ұлттық экономиканы әртараптандырудың драйверлерінің біріне айналуы тиіс. Мемлекет басшысы кез келген өңір үшін келешегі бар табыс көздерінің бірі ішкі және келу туризмін дамыту екенін ерекше атап өтті.

Осыған байланысты Түркістан облысының туризм саласы бойынша 1 МЖӘ жобасына шарт түзілген. Атап айтқанда:

р/с	МЖӘ жобасының атауы	Жеке әріптестің атауы	Келісім-шарт күні	Іске асыру мерзімі	Жоба құны, мың теңге
1	Түркістан қаласы, Алматы аллеясы, 3 ғимаратта орналасқан «Халық қолөнершілер ғимаратын пайдалану» жобасы бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты	«Асель&СО» ЖШС	№01 04.02.2022	2022- 2031ж	293 077,5

Мемлекеттік-жекешілік әріптестігі жобасын іске асыру шеңберінде Түркістан қаласы, Алматы аллеясы, 3 ғимаратта орналасқан «Халық қолөнершілер ғимаратын пайдалану» бойынша жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- Түркістан қаласы, Алматы аллеясы, 3 ғимаратта орналасқан халық қолөнер шеберлері орталығы.

Мемлекеттік-жекешілік әріптестік жобасын қаржыландыру көздері жекеше әріптестің меншікті қаражаты және / немесе қаржы институттарында тартылатын қарыз қаражаты болып табылады (*келісім-шарттың 5-қосымшасы*).

Инвестициялық шығындар не жекеше әріптестің өзгеде шығындары мемлекеттік әріптестің кінәсі негізінде шартты бұзған жағдайды қоспағанда, мемлекеттік бюджет есебінен өтелмейді.

Жекеше әріптестің МЖӘ нысанының пайдалануы мынаны білдіреді:

- Қоғамдық тамақтандыру және хостел қызметтерін ұйымдастыру мақсатында МЖӘ объектісін пайдалану.

- МЖӘ нысанының күзету қызметі;
- МЖӘ нысанының абаттандыру және көгалдандыру;
- МЖӘ нысанының техникалық қызметі;
- МЖӘ нысанының ағымдағы жөндеу жұмыстары;
- коммуналдық қызметтерді қамтамасыз ету.

Экономиканың сабақтас секторларына (салаларына) Мемлекеттік инвестициялық бағдарламаны іске асырудан күтілетін мультипликативті әсер, оның ішінде бюджет кірістерін толықтыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға әсері бойынша-ғимаратты қайта жаңғырту және Түркістан қаласының тұрғындары мен туристеріне қолайлы жағдай жасау арқылы өңірдің тартымдылығын арттырады деп күтілуде.

Жоба жүзеге асқан соң жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған.

Жобаның мақсаттары:

- Түркістан қаласының туристері үшін қолайлы жағдай жасау;
- Туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;
- Қолайлы туристік ахуал қалыптастыру;
- Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда

жылжытудың тиімді жүйесін қалыптастыру.

- Туристік саланы басқару және дамыту мониторингі жүйесін жетілдіру.

Жобаның қуаты:

- 50 орындық хостел құру.
- 250 орындық қоғамдық тамақтану орындарын құру.

Соңғы нәтиженің өлшенетін (сандық) көрсеткіштерінің болуы бойынша-Түркістан қаласында туризмді дамыту, оның әлеуеті мен қонақтар үшін тартымдылығын арттыру.

Жобаны жүзеге асыру барысында МЖӘ нысаны бойынша 82 бірлік жұмыс орны ашылған.

Жалпы мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін тигізуде деп бағаланады.

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар

Мемлекеттік аудит объектісінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар назарға алынып, мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлері тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1. Мемлекеттік аудит қорытындысымен Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасында анықталған бұзушылықтар бойынша шара қолдану үшін Түркістан облысының бақылау жөніндегі басқармасына 29.03.2024 жылғы №42-11/582 хаты жолданып, басқарма тарапынан 18.04.2024 жылғы №696 хатымен жекеше әріптес «Асель & СО» ЖШС-не ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 318 бабына сәйкес хаттама толтырылып, шара көрілгендігі туралы хабарланған.

2. «Түркістан облысы білім басқармасының «Сауран ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 24.05.2024 жылғы №912 хатымен бұзушылықтарға жол берген негізгі қорлар мен материалдық бөлімінің топ жетекші есепшісі Сапаров Мұхит Алибековичке «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны туралы хабарланған (15.05.2024 жылғы №113 ж/қ бұйрығы).

3. «Түркістан облысы білім басқармасының «Кентау қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 24.05.2024 жылғы №914 хатымен бұзушылықтарға жол берген негізгі қорлар мен материалдық бөлімінің топ жетекші есепшісі Б.Премкуловаға «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны туралы хабарланған (20.05.2024 жылғы №136 ж/қ бұйрығы).

4. «Түркістан облысы білім басқармасының «Түркістан қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 02.05.2024 жылғы №41-03/1461 хатымен бұзушылықтарға жол берген бөлімінің экономист-есепшісі Е.Жұмабекке «Ескерту» түрінде тәртіптік жаза қолданылғаны туралы хабарланған (29.04.2024 жылғы №146 ж/қ бұйрығы).

5. Мемлекеттік аудит нәтижесі бойынша аудит объектілерінде бухгалтерлік есеп заңнамасын бұзу фактілері анықталған. Атап айтқанда:

1) Түркістан облысының білім басқармасының «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» ММ бойынша - 180 251,6 мың теңге;

2) Түркістан облысының білім басқармасының «Төлеби ауданының білім бөлімі» ММ бойынша -277 868,2 мың теңге;

3) Түркістан облысының білім басқармасының «Түлкібас ауданының білім бөлімі» ММ бойынша – 234 351,7 мың теңге орын алған қаржылық бұзушылықтар орын алған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаулар туралы» Заңының 5 бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттеріне әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған кезде материалды тиісті аудиторлық дәлелдемелермен бірге әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілеттілік берілген органдарға беру көзделген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 62 бабының 3-тармағында «қаржы саласында, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, оңалту және банкроттық кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық жасалған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады, бірақ әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылмайды» делінген.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде аталған мемлекеттік аудит объектілерін әкімшілік құқық бұзушылық жауаптылыққа тарту мүмкіндігі болмады (Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөліміне 17.05.2024 жылғы №573 қызметтік хат).

4. Қорытынды жасау барысында «Түркістан облысы білім басқармасының «Сайрам ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде аудит нәтижесінде анықталған **77 421,5 мың теңге** қаржылық қалпына келтірілгені ескерліді (Сайрам ауданының білім бөлімінің 25.06.2024 жылғы №1490 хаты). Атап айтқанда:

1) Құрылысы аяқталып, қабылданған Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылы округі, Қарасу елді мекеніндегі 280 орындық бала бақша

құрылысының (*Жеке әріптестік «Болашақ-МК» ЖШС-гі*) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құжаттамаға сәйкес келуін ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен сараптама жүргізген. Сарапшылардың 15.09.2023 жылғы №2515 қортындысы шыққан. Сараптама қортындысымен **899,0 мың тенгеге** нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметаға сәйкес келмейтінін анықтаған.

2) Құрылысы аяқталып, қабылданған Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Аксукент ауылы округі, Аксукент-2 елді мекеніндегі №93 Абылайхан ОМ-нің ғимаратын 200 орындық бала бақша құрылысына қайта құру (*Жеке әріптестік «Сигрост» ЖШС-гі*) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құжаттамаға сәйкес келуін ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен сараптама жүргізген. Сарапшылардың 15.09.2023 жылғы №2510 қортындысы шыққан. Сараптама қортындысымен **67 975,1 мың тенгеге** нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметаға сәйкес келмейтінін анықтаған.

3) Құрылысы аяқталып, қабылданған Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Манкент ауылы округі, Манкент елді мекеніндегі 280 орындық бала бақша құрылысының (*Жеке әріптестік «А.Р.Т Құрылыс» ЖШС-гі*) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметалық құжаттамаға сәйкес келуін ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен сараптама жүргізген. Сарапшылардың 15.09.2023 жылғы №2514 қортындысы шыққан. Сараптама қортындысымен **8 547,4 мың тенгеге** нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының сметаға сәйкес келмейтінін анықтаған.

Түркістан облысының білім басқармасының «Сайрам ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің жұмыстап босап кетуіне байланысты, тәртіптік жауапкершілігі қаралмады (*Түркістан облысының білім басқармасының «Сайрам ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 26.06.2024 жылғы №1506 хаты, кіріс 26.06.2024 жылғы № 1085*)

2.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші:Туімділік - жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының (*бұдан әрі-Заң*) 40-бабының талаптарына сәйкес өтінім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкестік процесі жүргізілген.

Заңға сәйкес жобаға бір ғана өтінім түскен, өтінім конкурстық комиссияның қарауына ұсынылған.

Конкурс нәтижесінде немесе бір ғана әлеуетті өтінім берушімен конкурстық комиссия арасында МЖӘ жобасы келісім шарттының талаптары бойынша келіссөздер жүргізілген.

Конкурстық Комиссияның хаттамасының шешіміне сәйкес, Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының келісім шарт жобасы қабылданып, бекітілген.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының (бұдан әрі-Заң) 40-бабының талаптарына сәйкес өтінім берушінің құжаттарының талаптарға сәйкестік процесі жүргізілген.

Түркістан облысының салалық басқармалар тарапынан жүзеге асырылған МЖӘ жобасына аудит жүргізу барысында бір шама кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол берілген. Бұзушылықтардың басым көпшілігі есеп саясатын жүргізуде, негізгі қорлармен жабдықтарды есепке алуда Заңнаманың сақталмағанын көрсетті.

Мемлекеттік аудиттің көрсеткіші: Нәтижелілік – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы.

Мәселен, «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша МЖӘ шартының міндеттемелерін жүзеге асыру барысында МЖӘ нысанының асханалары мен ас блоктарын жаңғыртып, 74 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, МЖӘ нысанын жаңғырту нәтижесінде Жекеше әріптестің есебінен 69 000,0 мың теңгеге жабдықтар, мұқаммалдар мен құрал-саймандар сатып алынған.

Объектіні пайдалануға қабылдау актісіне сәйкес, қонақ үй және мейрамхана құрылысы қабылданған.

- қоғамдық тамақтандыру қызметтерін ұйымдастыру бойынша 500 орын ашылған, ал 50 орындық хостел қызметтерін ұйымдастыру бойынша күрделі жөндеу жұмыстары әлі күнге шейін бітпегені анықталды.

Нәтижесінде жобаның мақсаттары, атап айтқанда:

-Түркістан қаласының туристері үшін қолайлы жағдай жасау;

-Туристік өнімдер мен қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру;

-Қолайлы туристік ахуал қалыптастыру;

-Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда жылжытудың тиімді жүйесін қалыптастыру бойынша нәтиже көрсеткіштері орындалмаған.

Яғни МЖӘ жобасы ғимараттының негізгі құралдардың, активтердің жай-күйін бағалау мақсатында бақылау өлшемі (тексеріп қарау) жүзеге асырылып, нәтижесінде ғимараттың жатақхана (хостел) бөлігінің құрлыс монтаж жұмыстарының аяқталмай, яғни 704,32 м2 немесе 107 026,2 мың теңге активтердің қоғам игілігі үшін тиімді пайдаланылмай мемлекеттік мүлікті басқару принциптері сақталмағаны анықталды.

Қорыта келе, МЖӘ шартының міндеттемелерін жүзеге асыру барысында МЖӘ нысанының асханалары мен ас блоктарын жаңғыртып, 82 адам жұмыс орнымен қамтамасыз етілген, ал 50 орындық хостел қызметтерін ұйымдастыру

бойынша күрделі жөндеу жұмыстары әлі күнге дейін бітпей, пайдаланылмай, түпкілікті нәтижеге қол жеткізілмегенін байқауға болады.

Бұдан бөлек «Түркістан облысы, Қазғұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округіндегі Үшбастау ауылында мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғырту және пайдалану» №118 келісім шарты бойынша Жобаның қуаты (өлшем бірлігі) – 100 орындық, іске асырылу кезеңі – 2022-2037 жылдар аралығы, пайдалану кезеңі – 15 жыл. Қаржыландыру тетіктері және көлемдері жеке қайтарымсыз қаражат. МЖӘ объектісі бойынша болжамды құны – 122 148,9 мың теңге.

Осы жоба бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, Қазғұрт ауданы, Жаңабазар ауылдық округі, Үшбастау ауылындағы мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғыртылып, пайдалануға берілген. Қазіргі таңда, балабақшада Үшбастау ауыл тұрғындарының бүлдіршіндері тәрбиеленіп, халықтың қажеттілігі қанағаттандырылып, нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізілген.

Қортындылай келе, Мемлекеттік жекеше әріптестік жобаларын іске асыруда түпкілікті нәтижеге қол жеткізілген, әлеуметтік-экономикаға тиімді деп есептейміз. Алайда, Мемлекеттік әріптес тарапынан МЖӘ келісім шарттарының орындалуына бақылаудың, мониторингтің, жауапкершіліктің жеткіліксіз деңгейде қалыптасқан деп тұжырым жасауға болады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар

1. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын, концессиялық жобалардың іске асырылу тиімділігін талдау және бағалау» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.

1. «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1. 2024 жылғы 15 қазанға дейін қалпына келтірілуі тиіс 78 463,9 мың теңгені қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын. Атап айтқанда:

1) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Құрылысы аяқталып, қабылданған Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Оранғай ауыл округі, Қосқорған елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пункті құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Барыс Строй -2030" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 8 577,8 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 2-тармағы)*.

2) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Ақжол елді мекеніндегі «Ақжол» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Даулет Компани Трейд" ЖШС)

нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 9141,7 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 3-тармағы)*.

3) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Мадениет елді мекеніндегі «Жұлдыз» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Даулет Компани Трейд" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 10 161,3 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 4-тармағы)*.

4) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Бөржар ауыл округі Бірлік ауылы «Бірлік» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Даулет Компани Трейд" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 8 234,3 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 5-тармағы)*.

5) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Қараспан ауыл округі Батыр-ата елді мекеніндегі «Батыр-ата» фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Кен Құрылыс Проект" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 16 783,0 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 6-тармағы)*.

6) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгір тас жолы көшесі №26А уч. Екпінді ауылы мекен-жайында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 4 424,7 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 7-тармағы)*.

7) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы, Бозжорға көшесі №1Б, үйінде орналасқан «Алғабас» фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 5 185,3 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 8-тармағы)*.

8) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Шаға ауыл округі, Бершінтөбе елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пунктi құрылысы» бойынша (Жекеше әріптес "Satti Group" ЖШС) нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкес келмейтін жұмыстары сомасы 8 800,8 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 9-тармағы)*.

9) 2024 жылдың 15 қазанға дейін Құрылысы аяқталып, қабылданған Түркістан облысы, Отырар ауданы, Балтакөл ауыл округі, Көлқұдық елді мекеніндегі фельдшерлік-акушерлік пунктi бойынша орындалмаған жұмыстары

және жабдықтарды 1 952,4 мың теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің 10-тармағы*).

10) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның баланасында Төлеби ауданы, Бірінші Мамыр а/о, Алғабас ауылы Бозжорға көшесі №1Б үйінде орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң жалпы технологиялық негiзгi құралдарын **3 406,3 мың** теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің 17-тармағы*).

11) 2024 жылдың 15 қазанға дейін «Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның баланасында Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Алатау а/о, Ленгiр тас жолы көшесі №26А уч. Екпiндi ауылы мекен-жайында орналасқан фельдшерлік-акушерлік пунктiнiң нақты жалпы технологиялық негiзгi құралдары - **1 796,3 мың** теңгеге қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын (*аудиторлық есептің 18-тармағы*).

2. 2024 жылғы 29 шiлдеге дейiн Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердiң тәртіптiк жауапкершiлiгi қаралсын.

2. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Ордабасы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына:

1) 2024 жылғы 29 шiлдеге дейiн Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердiң тәртіптiк жауапкершiлiгi қаралсын.

2) 2024 жылғы 15 қазанға дейiн қалпына келтірілуі тиіс 71 416,8 мың теңгені қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

3. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Отырар аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына:

1) 2024 жылғы 29 шiлдеге дейiн Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердiң тәртіптiк жауапкершiлiгi қаралсын.

4. Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Төлеби аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынына:

1) 2024 жылғы 29 шiлдеге дейiн Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердiң тәртіптiк жауапкершiлiгi қаралсын.

5. «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 29 шiлдеге дейiн Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердiң тәртіптiк жауапкершiлiгi қаралсын.

6. «Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 29 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

7. «Түркістан облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

1. 2024 жылғы 15 қазанға дейін қалпына келтірілуі тиіс 2 334 943,4 мың теңгені қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын. Атап айтқанда:

1) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысының 20 мектеп интернатының асханаларын жаңғырту және пайдалану» туралы 06.09.2021 жылы МЖӘ келісім шарты бойынша - 106 185,7 мың теңгені құрайтын мүліктер, оның ішінде құрал жабдықтар 75 685,7 мың теңге және 30 500,0 мың теңге құрайтын бейнебақылау «ASARMY» бағдарламалық құралы қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 13-тармағы)*.

2) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Жанабазар ауылдық округі, Үшбастау ауылындағы мектеп ғимаратын балабақша ретінде жаңғырту және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша – 20 963,0 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 3-тармағы)*.

3) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысының мемлекеттік білім беру мекемелерінде дабыл сигнализация жүйесін орнату және қызмет көрсету» МЖӘ келісім шарты бойынша – 72 493,0 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 5-тармағы)*.

4) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан қаласы, Отырар мөлтек ауданындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша – 578 700,0 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 9-тармағы)*.

5) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Манкент ауыл округі, Манкент ауылындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты – 608 991,0 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 10-тармағы)*.

6) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылындағы 280 орындық балабақша құрылысын салу және пайдалану» МЖӘ шарты – 643 306,0 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 11-тармағы)*.

7) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «ОҚО облысы, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауыл округінің Ақсукеңт-2 ауылындағы Абылайхан атындағы орта мектеп

ғимаратын балабақша етіп қайта құру» МЖӘ жобасы бойынша - 291 177,9 мың теңге нысандарды коммуналдық меншікке қабылдау, мүліктің есепке алынуын ұйымдастыру және оны заңды тұлғаға бекітіп беруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 12-тармағы)*.

8) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысы Түлкібас ауданы Ақбиік елді мекендегі 100 орындық балабақша құрылысының *(5 798,8 мың теңге)* ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен жүргізілген сараптамасына сәйкес, нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 14-тармағы)*.

9) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгер қаласының Таскешу елді мекеніндегі 100 оқушы орындық бастауыш мектеп құрылысының» *(954,7 мың теңге)* ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен жүргізілген сараптамасына сәйкес, нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 15-тармағы)*.

10) 2024 жылғы 15 қазанға дейін «Түркістан облысы Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округі, Дарбаза ауылындағы 75 орындық балабақша құрылысының» *(6 373,3 мың теңге)* ҚР Әділет Министірлігінің сот сараптамалары орталығы РМҚК филиалы Шымкент қаласы бойынша сот сараптамалары институты сарапшыларымен жүргізілген сараптамасына сәйкес, нақты орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны сметалық құжаттарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдансын *(аудиторлық есептің 16-тармағы)*.

2. 2024 жылғы 29 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

8. «Түркістан облысы білім басқармасының «Түлкібас ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 29 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

9. «Түркістан облысы білім басқармасының «Төлеби ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 29 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

10. Түркістан облысының білім басқармасының «Сарыағаш ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне:

1) 2024 жылғы 15 қазанға дейін қалпына келтірілуі тиіс 180 251,6 мың теңгені қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдансын.

2) 2024 жылғы 29 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

3.4. Қосымша:

1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;

2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.